

ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ Қ.САРБАСОВА АТЫНДАҒЫ «TIL DARYN» ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР:

1.1 Бұл Ереже «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-та өтетін ғалым-ұстаз Қ.Сарбасова атындағы «Til Daryn» инновациялық жобалар байқауының ұйымдастырылу ретін айқындайды.

1.2 Ғалым-ұстаз Қ.Сарбасова атындағы «Til Daryn» инновациялық жобалар байқауы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ ғылым онкүндігі аясында ұйымдастырылады.

1.3 Байқауды І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті гуманитарлық факультет қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы ұйымдастырады.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРІ:

2.1 Ғалым-ұстаз Қ.Сарбасова атындағы «Til Daryn» инновациялық жобалар байқауының **мақсаты** – оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттыру; шығармашылық және инновациялық жобаларды қолдау; тіл үйрену үдерісіне заманауи технологияларды енгізу; жас өнертапқыштардың, зерттеушілердің және болашақ лингвистердің әлеуетін дамыту; ұлттық және халықаралық деңгейде тіл мәдениетін насихаттау.

2.2 Ғалым-ұстаз Қ.Сарбасова атындағы «Til Daryn» инновациялық жобалар байқауының **міндеттері:**

- оқушылардың тілдік қабілеттерін жетілдіру – қазақ, орыс және шет тілдерін меңгеруді ынталандыру;
- инновациялық ойлауды дамыту – оқушылардың шығармашылық және зерттеу дағдыларын жетілдіру;
- цифрлық технологияларды қолдану – тілдік жобаларда IT-құралдар мен заманауи әдістерді пайдалану;
- жас таланттарды қолдау – дарынды оқушыларға өз жобаларын таныстыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік беру;
- тіл мәдениетін насихаттау;
- жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізу – білім беру жүйесінде тиімді инновациялық шешімдерді қолдау;
- топтық жұмыс пен зерттеушілік дағдыларын дамыту – оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу және ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.

3. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР:

3.1 Байқауға Жетісу облысының жалпы білім беретін мектептерінің 7-11 сынып оқушылары қатыса алады.

3.2 Қатысушылар жеке немесе топтық (3 адамға дейін) негізде бақ сынай алады.

3.3 Жоба қазақ тілінде ұсынылуы қажет.

4. БАЙҚАУДЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

4.1 Өтінім беру: Қатысушылар белгіленген мерзімде тиісті форманы толтырып, жоба мәтінін жүктей отырып онлайн форматта тіркеледі немесе өтінім мен жоба мәтінін ұйымдастырушылар поштасына жолдау арқылы тіркеледі.

4.2 Байқауға жобаның келесі даму сатысындағы өтінімдер қабылданады: идея; прототип; дайын өнім, сатылымы жоқ; дайын өнім, сатылымы бар.

4.3 Питч-сессия (жобаны қорғау): Қатысушылар өз жобаларын қазылар алқасының алдында таныстырады.

4.4 Қорытынды және марапаттау: Жеңімпаздар анықталып, дипломдар мен сыйлықтар табысталады.

5. БАЙҚАУ ӨТІНІМІН СИПАТТАУ ЖӘНЕ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

5.1 Байқау өтінімінің құрылымы:

- атауы;
- жоба автор(лар)ы;
- жобаның өзектілігін негіздеу;
- жобаның мақсаты мен міндеттері;
- жобаны іске асыру жоспары (кезеңдерді сипаттау), күнтізбелік жоспар;
- жоба кімдерге арналған, бағытталған мақсатты аудиториясы;
- іске асыру мерзімі (жыл немесе айлар);
- жобаны іске асыруға жұмсалатын шығындар сметасы;
- күтілетін нәтижелер және әлеуметтік әсері;
- жобаны дамытудың болашақ перспективасы;
- қолданылған әдебиеттер тізімі;
- фото, бейнематериалдар т.б. визуализациялау құралдары.

5.2 Жоба қағаз және электронды нұсқада ұсынылуы қажет. Көлемі – 15 бетке дейін. Мәтіндік редакторы Microsoft Word, шрифт Times new Roman, 14 кегль, аралық жол – 1, абзац – 1,25, жиектер барлық жағы – 2 см.

5.3 Жоба мәтіні графикалық және схемалық материалдар, фотографиялар, бейнефрагменттер, презентация және т.б. таңдалған тақырыпқа сәйкес және жоба мазмұнын ашатын ақпараттарды қамти алады.

6. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

6.1 Жобаның өзектілігі, сұранысқа ие болу деңгейі.

6.2 Жобаның жаңашылдығы мен бірегейлігі.

6.3 Қазақ тілін дамытуға қосатын үлесі.

6.4 Цифрлық технологияларды қолдану деңгейі.

6.5 Жобаның жүзеге асырылу мүмкіндігі және практикалық маңызы, инвестиция тарту мүмкіндігі.

6.6 Қатысушылардың идеяны ұсыну дағдылары, шешендігі және презентация сапасы.

7. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

7.1 Байқау жеңімпаздары арнайы дипломдармен және сыйлықтармен марапатталады.

7.2 Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталады.

ӨТІНІМ

Аты-жөні:	
Мектеп:	
Сынып:	
Ғылыми жетекшісінің аты-жөні:	
Жоба атауы:	
Мекенжайы:	
Оқушының байланыс нөмірі:	
Жетекшінің байланыс нөмірі:	
Электронды поштасы:	